

Билік кеншілерді қолдайды
2-бет

«Қазпошта» қызметі жанданады
4-бет

Тарихынды танығың келсе, Талдыға бар
5-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕЙСЕНБІ, 17 ҚАЗАН, 2023 ЖЫЛ №116 (23 292) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Отбасы тыныштығы – Отан тыныштығы

... Өмір бір сәтке тоқтап қалғандай. Жер орбитасынан жаңылып, аспан айналып жерге түспесе де бір адамның әлемінің күл-талқаны шықты. Жасқа толған жанары құрдымға кетіп бара жатқан өмірін сақтап қалар сүйенер тіреніш іздеп жан-жағына қараған еді. Ешкімді таппады. Өзін кінәлі сезінді. Қайда барамын, не істеймін?! Бұл тығырықтан шығар жол бар ма? Әлде... қалғаны өзіне қол жұмсау ғана ма?! Көксемгені де бұл емес еді. Балаларын кімге қиып тастамақ. Жалғыздық, жалғыздық. Бұдан құтылар жол да жоқ тәрізді. Жанын өзі қимаса, жан жарым, жұмағым деп, өмірін аманаттаған жанның да өмірін тозаққа айналдырып бара жатқаны бар. Біреуге тіл қатып, проблемасын айтуға тағы ұят. Ұятпен өткен күндер мен түндердің соңы түбіне жететінін білмеді. Кешірді. Қателескені сол болды. Тағы бір жанжал шыққан күні жарық дүниенен қоштасып кете барды. Өзі емес, өзім деген адамының қолынан қаза тапты.



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Жастардың мерекеге тартуы

Республика күніне орай елімізде «Қазақ рухы» акциясы бастау алды. Жаңаша жаңғырулы көздеген қарағандылық жастар қазақы киімдер мен ұлттық дәстүрді насихаттайтын акцияға өзіндік үлес қосуда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік желіде белсенді жалғасқан акцияда жастар Мемлекет басшысының сөзін бейнежазбаға қойып, қазақша стиль туралы ойын, әшекейлерге қызығушылығын, дәстүрлердің жаңғыруы жөнінде жазба қалдыруда. Ұлттық киіммен, әшекеймен түскен суреттерін жариялап, дәстүрді әдемі насихаттауда.

Жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желіде отырады. Сондықтан, өзіміздің ұлттық мерекені әлеуметтік желіде әдемі жазбалар арқылы қолдауды көздедік.

Жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық мерекемізді ұлықтай отырып, патриоттық сезімді ояту. Бойымызда ұлттық код, мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру жоқ. Сондықтан, қазіргі таңда облыс жастары бұл акцияға белсенді қатысуда, – дейді «Жастар Рухы» жастар қанаты облыстық филиалының өкілі Арафат Мәжитов.

Акцияға бүгінде #KAZAKHRUNY хэштегі арқылы 25 қарағандылық жас қатысып үлгерді.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Сабын цехы іске қосылды

Балқаш қаласында тұңғыш рет сабын цехы іске қосылды. Сабынның ерекшелігі – химиялық қоспаларсыз табиғи өнім, яғни, малдың майынан дайындалады. Шикізат та алыстан емес, жергілікті фермерлерден жеткізіледі.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цехты ашқан кәсіпкер Ержан Жандығұл әуелі сабын жасау технологиясын әбден зерттегенін айтады. Болашақта цехтан шығатын сабын ассортиментін кеңейтіп, облыс тұрғындарын қамтамасыз етуді көздеген кәсіпорын әзірге Балқаш мыс балқыту зауытының өніммен қамтамасыз етіп отыр.

Тәулігіне 4 мың сабын шығарамыз. Әзірге санға емес, сапаға жұмыс істеудеміз. Болашақта сұйық сабын шығару да жоспарда. Сабынымыз Балқаш қаласының брендіне айналады деген арманымыз бар, – дейді кәсіпкер.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда ғана бар орталық

Бұл – біз естіген, білген бір ғана оқиға. Білмейтініміз қаншама. Өзге сабақ болсын десек те, өмір бұрынғыдан өзгеше десек те, тұрмыстық зорлық-зомбылық тиылар емес. Бұға бергенге – сұға беретіндер де, қайғысын ішіне жинап, өзімен-өзі бұйығы күн кешетіндер де қоғамда бар. Айналасындағылар жоқ емес, бар. Бірақ, бәрінің құлағы – керек, көзі – соқыр.

Бірақ, бұдан былай бәрі басқаша болмақ деген үміттеміз. 1 шілдеден тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған түзеулер күшіне енді. Тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу кезінде полицияға жәбірленушінің арызы қажет емес. «Көрдім, білдім, естідім!» деген адам болса болды. Іс қылмыстық емес, әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты болғанымен де, олардың дер кезінде ашылуы мен жолын кесу қылмыстың алдын алуға, жәбірленушілерді аса ауыр қылмыстардан, соның ішінде кісі өлтіруден қорғауға көмектеседі.




3-бет

РЕСМИ

Киік саны реттеледі

Елімізде киік ату басталды. Бұл жайлы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев киік санын реттеуге қатысты жоспарында айтты.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Биологиялық негіздемеге сәйкес, киік санын реттеудің екі түрі ұсынылды. Біріншісі – коралдық (киікті қуып кіргізетін қоршау) әдісі. Бұл шара әдетте күндіз жүргізіледі. Екіншісі – түнде ату, – деді министр.

Бүгінде киік саны тарихи көрсеткіштен асып кеткенін айтады. «Бұл қасқыр сынды табиғат реттеушісінің жоқтығынан орын алып отыр. Бұрын жұт, құрғақшылықтан жайылым болмай қалатын. Мұнан бөлек, ауру таралатын», – деді ведомство басшысы.

Министрдің дерегінше, осы уақытқа дейін коралдық әдіспен 90-нан астам киік ауланды. Сонымен қатар, 14 киік атып алынған.

«АУЫЛ БЕРЕКЕ-2023»

Дархан дала дастарқан жайып...

Жыл он екі айдың осы бір уағында дала қаламен барымен бөліседі. Ширек ғасырдан бері жалғасып келе жатқан «Ауыл Береке» жәрменкесі осы жылы да желісін үзбеді. Сенбі күні ауыл аста-төк дастарқанын шаһарға алып келді. Биылғы жыйын-терімін алғашқы жәрменкесіндегі халық қарақұрым. Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі «Global City» көпфункционалды сауда-қойма кешені аумағында азыннан басталған жәрменкеге аймақтың жеті ауданынан 100-ден астам аграршылар 630 тонна өнім әкелді. Серіктес қалалардың өңдеуші кәсіпорындары да қалыс қалмады. Жәрменкеде ет, сүт өнімдері, картоп, көкөністер саудаға салынды. Бағасы нарықтағыдан 10-15 пайызға төмен. Басым бөлігі – ет. Еттің неше атасы бар. Мәселен, жылқы етінің килосы – 2600 теңгеден, сиыр еті – 2300 теңгеден, қой еті – 2200 теңгеден сатылды. Картоптың келісі – 100, пияздыкі – 80, қырыққабаттыкі – 130 теңге. Тал түске таман сөрелер босап та қалды. Таза табиғи өнімге ұмтылған көпшілік те, өнім әкелген ауылдықтар да мәре-сәре күй кешкен жәрменке бір мерекеге айналып кеткені де рас.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



2-бет

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясына баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



Каспи.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	6 ай	3079,65	3083,70
	12 ай	6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Баспасөз - 2024



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 502.21

•USD/KZT 476.98

•RUB/KZT 4.91

•CNY/KZT 65.28

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 қазан, 2023 жылғы дерегі бойынша



Орамшілік желілер жаңғыртылады



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласындағы жылыту маусымын ойдағыдай өткізу мақсатында арнайы кеңес өткізді. Жиналыс қорытындысы бойынша, орамшілік желілерді жаңғыртудың үш жылдық жоспарын әзірлеу тапсырылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы жылыту маусымы Теміртау қаласында 30 қыркүйекте басталған. Жылу магистральдарындағы жөндеу жұмысы оң нәтиже берді. Алайда, ішкі желілердегі құбырлардың жарылу жағдайлары әлі де кездеседі. Осындай келеңсіздіктерді жедел жою үшін қосымша бригадалар құрылды.

Аймақ басшысы жылыту маусымына дайындықтың және оның берілу жұмысының тұрақты бақылауда екенін атап өтті.

Жылумен қамтудың тұрақты өтуіне станциялар мен коммуналдық ұйымдардың басшылары билік өкілдерімен тең дәрежеде жауапты болады, – деді облыс әкімі.

Дәл қазіргі жағдай туралы Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков, «Окжетпес-Т» ЖШС директоры Сергей Работягов, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2 директоры Сергей Кри-

вов кеңінен айтып берді.

Ораз Тәуірбеков жылу магистральдарын жөндеу келесі жылы жалғасатынын хабарлады. Дерекке сүйенсек, биыл басталған төрт жобаны аяқтау қажет. Бұдан басқа, жоспарда бес жаңа жоба бар, олардың екеуі бойынша жобалау-сметалық құжаттама дайын және мемлекеттік сараптаманың қорытындысы күтілуде.

– Биыл апаттар жиі орын алған учаскелерге жөндеу жүргізілді. Осылайша, жылу желілерінің тозуы 75%-дан 66,9%-ға дейін төмендеді. Бірақ, құбырлардың жарылуы әлі де тіркелуде. Бұл жайттарға жедел ден қою үшін 10 бригада құрылып, оларды техникамен, қажетті мамандармен жасақтадық. Бұл жұмысты жағдай толық тұрақталғанға дейін жалғастырамыз, – деді Ораз Тәуірбеков.

Жылумен жабдықтаудың тұрақтылығы энергия көзінің жұмысына тікелей байланысты екенін айта кеткен жөн.

– Басты сұрақ: Сіздердің станцияның қыс мезгілінен қалыпты

өтетініне кепілдік бересіз бе? – деп облыс әкімі ЖЭО-2 басшысына сұрақ қойды.

– Ойдағыдай болады, кепілдік береміз, – деп сендірді Сергей Кривов.

Аймақ басшысы кеңесті қорытындылай келе, барлық тәуекелді тағы бір рет талдап, мұқият қарауды сұрады. Энергия бақылау басшыларынан тек нұсқаулармен шектеліп қана қоймай, нақты шараларды ұсынуды талап етті.

– Біріншісі – қала әкімдігі энергетика және ТКШ басқармасымен бірлесіп жылу магистральдарын одан әрі жөндеу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы уақытында дайындау керек.

Екіншісі – орамшілік желілерді жөндеудің үш жылдық жоспарын әзірлеу кезек күттірмейтін мәселе. Бұл – өте маңызды. Үшінші мәселе қаланың электр желілерімен байланысты, жақын арада желілердің қалыпты жұмыс істеуіне сенімді болуымыз үшін нақты ұсыныстар беруіңізді сұраймын, – деді Ермағанбет Қабулаұлы.

Билік кеншілерді қолдайды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«Қазақстанская» шахтасында орын алған қайғылы оқиғадан кейін кеншілер арасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бірқатар сұрақ туындаған. Осыған байланысты аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев кеншілер, кәсіподақ ұйымдарының өкілдері және «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының басшылығымен кездесті.

«Қорғау» көміршілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буслев кеншілер көтерген әр мәселеге жеке-жеке тоқталды. Кеншілер өздерін «Ескірген техника қашан ауыстырылады?», «Кәсіпорындарда қажетті кадр саны қашан қамтамасыз етіледі?» деген сұрақтар алаңдатынын жеткізді. Сондай-ақ, қызметкерлердің денсаулығын жақсартуды ұйымдастыруға байланысты мәселелер де жоқ емес.

«АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамының атқарушы директоры Виктор Гафиулов пен компания өкілдері кадр тапшылығын жою және техниканы жаңарту шаралары жөнінде таратып айтты.

– Біз жұмыс тәртібінде шешімін табуы қажет ететін бір-



қатар мәселені атап өттік. Кәсіпорындардан нақты ақпарат дайындаймыз. Оларды «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының басшылығы қарастырады деп ойлаймыз. Біз компаниямен ортақ мәмілеге келіп, шешімін

табымыз деп үміттенеміз. Келіссөздер мәселені шешпесе, облыс әкімі шешуге қол үшін беретінін айтты, – дейді Евгений Буслев.

Аймақ басшысы Ермағанбет Қабулаұлы биліктің кеншілер жағында екенін баса айтты.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Қарағандыда велокарта бар

Қарағандыдағы экомүзей мамандары таза экология үшін күресті жалғастырып жатыр. Ауаны ластанудан сақтаудың бір жолы – жаппай велосипедке отыру. Осы мақсатта ауқымды шаралар атқарылуда. Мәселен, экологтар велосипедшілерге арнайы велокарта әзірледі. Қартаның таныстырылымы өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қартаны экомүзейдің сайтынан көре аласыздар. Картада белгілер мен жолдар, тұрақтар және жөндеу шеберханалары көрсетілген. Экологтар карта қала жұртын жаппай велосипедке көшіруге ықпал етеді деген сенімде.

Қазақстанда велосипедпен қатынайтындардың саны артып келеді. Қарағандыда да аз емес. Себебі, халық таза ауаның қадірін түсіне бастағанын айтады мамандар. Оның үстіне, саламатты өмір салтын қалыптастырады. Саябақтарда, тіпті, велосипедтерді жалға беру қызметтері көбейген. Экологтар велосипедшілердің саны күрт арту

үшін алдымен велоқұрылымды қалыптастыру керек деп отыр. Әзірге инфрақұрылым, яғни шағын велопарктер қаланың орталық бөлігінде ғана бар. Қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде де жасақталған. Анығырақ айтсақ, «Корзина» сауда үйі мен World Class фитнес клубының маңайында тұр. Майқұдық пен Пришахтинскіде де жоқ емес. Бірақ, әлдеқайда аз.

Экологтар қартаның белсенді қарағандылықтардың көмегімен жасалғанын айтты.

ҚАРАҒАНДЫ

Дархан дала дастарқан жайып...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айта кету керек, қалалықтарға қолайлы болуы үшін төрт бағытта Майқұдық, Пришахтинск, Михайлов және Оңтүстік-Шығыс бойынша тегін арнайы қоғамдық көліктер де ұйымдастырылды.

Саудаға әкелінген 630 тонна өнімнің 64 тоннасы – ет, 390 тоннасы – картоп, 130 тоннасы – көкөніс, 21 тоннасы – сүт өнімі, 8 тоннасы – балық. Мұның сыртында 190 мың дана тауық жұмыртқасы мен 14,5 тонна өзге де өнім бар.

Жәрменкені арнайы аралап көрген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев алдағы уақытта тұрғындардың өтініштіліктерін ескеріп, ендігі жәрменкелерде олқылықтардың орнын толтыру басшылыққа алынатынын жеткізді.

– Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мың алғыс. Мұндай жәрменке әлі де бірнеше рет ұйымдастырылады. Бүгін тегін автобустар жолға қойылды. Қала әкіміне осы күннің қорытындысы бойынша басқа бағыттарды қосуды қарастыруды тапсырдым. Тұрғындардың тілектері ескеріледі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Нұра ауданы Қарой ауылынан келген «Қоғам» шаруа қожалығының жеткішісі Жамбыл Мәмбетов жәрменкеге жылда қатысатынын айтады. Жыл сай-



ын қой-қозы әкеледі екен. Бұл жолы да 200 кг қозының етін жеткізіпті. Танертеңнен түске дейін еттен шөкімдей де қалмай өтіп кетіпті. Біз барғанда алдында тек 30 келі ғана ет жатыр.

– Мен қозының 200 килограмнан

астам етін әкелген едім. Өтімі жақсы. Қазір 30 килодай ғана қалды. Халық алып кетті. Өзімнің шаруашылығым бар. Қой өсіремін. Жәрменкеге жыл сайын келіп, қатысамын. Әкелген етімді кері алып қайтқан кезім жоқ, – дейді Жамбыл Мәмбетов.

Абай ауданы Көксу ауылынан келген Сүндет Хантөриев болса, бір жарым тонна картоп әкелген. «Гала» сортты картоп өсіруді көп жылдан бері жолға қойыпты. Жеке шаруашылығы жоқ. Тек үйінің маңындағы 20 соттық аумақтан жылына 4-5 тонна картоп алып отырса керек. Әдетте Көксудың картобы ел арасында танымал екені мәлім. Бұл жолы да жұртшылық Көксудың бұл картобын қап-қабымен алып жатты.

– Бұл картоп үйде өсірілген. Ешбір химикатсыз, таза табиғи өнім. Оның үстіне бағасы базардағы картоптан әлдеқайда төмен. Бір жарым тонна картоп әкелген едім, түске дейін жарты тоннасы сатылды, – дейді Сүндет Хантөриев.

Қала тұрғындарының жәрменкеде қарасы көп болғанымен, естімей қалған-

дары да жоқ емес. Сондықтан, әлі де бұл жәрменкенің жарнамасын күшейтуді қажет етсе керек. Дегенмен, жәрменкеге барып, құрқол қайтқан адам жоқ. Етсіз отыра алмайтын жұртымыз жас етке бір қарық болды.

– Қарқаралыдан келген жабағының жартысын сатып алдым. Бағасы қалтаңа қонымды. Базардағыдан әжептәуір арзан. Әрі жас мал. Көзіңізбен көріп, ұстап, таңдап алуға мүмкіндік мол, – дейді өзін Бексұлтан деп таныстырған қала тұрғыны.

Жәрменке мұнымен тоқтамайды. Ресми орындардың мәлімдеуінше, «Global City» аумағында келесі жәрменкелер 28 қазан мен 4 қарашаға жоспарланған. Сонымен қатар, қараша-желтоқсанда Қарағандыда «Global City», «Ұмай» сауда үйінің аумағында (Майқұдық) және «Молодежный» мәдениет үйі (Пришахтинск) алаңында да өткізу көзделіп отыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● COVID-19

Қазақстанда жаңа штамм тіркелді

Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният мәлімдеді. Омикронның «Эрис» атты жаңа штаммы тіркелгенін айтты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ай сайын біз Covid-19-ға генетикалық талдау жасаймыз. Бұл елде жаңа штамм айналымда бар ма, жоқ па, вирустың түрі өзгерді ме, өзгермеді ме, соны анықтау үшін керек. Ал жақында жүргізілген генетикалық зерттеулер елге «Эрис» штамы келгенін көрсетті. Вирус мутацияға ұшырап, оның әртүрлі штамдары тіркелуде. Өткен айда жоқ болса, қазіргі зерттеулер бойынша жаңа штамм анықталды, – деді Ажар Ғиният.

Деректерге сүйенсек, «Эрис» әлемнің 50 елінде тіркелген. Алайда, оның қауіптілігі туралы нақты дерек жоқ. Мұның алдында «Эрис» Ресейде тіркелген болатын. Оның алғашқы белгілері – тамақ ауруы, мұрынның ағуы, жөтел және кеуде қуысының қысылуы.

– Штамм қандай болса да, клиникалық көрініс біртіндеп өзгереді, ауру кезеңі қысқарады, орташа немесе жеңілге ауысады. Қазір тек 35 адам стационарлық ем алып жатыр. Бұл – созылмалы аурулары көп қарт адамдар, – деді министр.

2020 жылдың наурыз айында басталған коронавирус пандемиясы биыл мамырда аяқталды деп ресми түрде мәлімделді. Осыдан кейін пандемияға байланысты енгізілген барлық шектеулер де алынған еді. Дегенмен, әлемдік сарапшылар да, отандық мамандар да вирустың толығымен жойылмағанын растайды.

Бүгінде облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, облыста «Эристің» тіркелгенін туралы дерек жоқ.

• САЙЛАУ – 2023

Сайлаудың ашықтығы қатан бақыланады

5 қарашада өтетін аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған саяси реформалардың маңызды кезеңінің бірі. Пилоттық режимде өтетін сайлау – Қазақстан тарихында тұңғыш рет. Яғни, тұрғындар әкімді өздері тандайды. Осылайша, елімізде саяси реформалар кезең-кезеңімен іске асуда.

Жүргізіліп жатқан өзгерістердің негізі мақсаты – мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті атқарушы билік деңгейінде шешім қабылдауға азаматтардың тікелей қатысуын кеңейту. Бұған дейін аталған лауазымға кандидаттарды мәслихат депутаттары мақұлдаса, енді тұрғындар қалалар мен аудандар деңгейінде экономикалық және әлеуметтік саясатты жүргізетін адамды өздері тандайды. Бұл үшін қажетті құқықтық база өткен жылы қалыптасты.

Өздеріңізге белгілі, облысымызда пилоттық өңірлер ретінде Ақтоғай және Осакаров аудандары, сондай-ақ Приозерск қаласы белгіленді. Сайлау процесіне тартылған мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың алдында ауқымды міндет тұр. Ол – алдағы сайлауды заңға сәйкес өткізуді қамтамасыз ету.

Облыстық сайлау комиссиясы, сондай-ақ оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері айтарлықтай дайындық жұмыстарын жүргізгенін айту керек. 5 қарашада өтетін сайлауға қажетті инфрақұрылым мен материалдық-



техникалық база дайындалуда. Одан бөлек, қоғамдық тәртіп, өрт және санитарлық қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Мүмкіндігі шектеулі жандар да ерекше назарда болмақ. Яғни, олардың сайлау құқықтары толық сақталады.

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының қызметкерлерін оқыту жалғасуда.

Қазан айының басында облыстың алдағы сайлауға дайындығын Орталық сайлау комиссия-

сының төрағасы Нұрлан Әбдіров өзі арнайы келіп, тексерген болатын. Жұмыс сапарында Нұрлан Мәжитұлы сайлау комиссияларының мүшелерін каскадтық әдіс бойынша оқыту процесіне қатысты. Сондай-ақ, пилоттық режимде аудан әкімдері сайланатын өңір тұрғындарымен кездесті.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы тұрғындармен кандидаттарға қойылатын талаптарды талқылады. Сондай-ақ,

сайлау науқанын толық ақпараттық сүйемелдеуді тапсырды және кандидаттарға үгіт-насихат жұмыстары, оның ішінде баспа материалдарын орналастыру үшін қажетті орындар беру арқылы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың заңдылығын, ашықтығы мен әділдігін қатан бақылайды.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін тікелей сайлау азаматтар мен мемлекет, билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың жаңа қағидаттарын белгілеуге және бекітуге ықпал ететініне сенімдімін.

Айта кету керек, биылғы 10 қазандағы жағдай бойынша 12 кандидат тіркелді. Яғни, әр өңірде 4 кандидаттан. 12 кандидаттың 11-ін – алты саяси партия ұсынды. Атап айтар болсақ, 3-уі – «AMANAT» партиясынан, ал, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, Қазақстан Халық партиясы және Respublica партиясының әрқайсысынан 2 кандидаттан, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясынан бір-бір кандидаттан тіркелді. Бір үміткер – өзін-өзі ұсынды.

Облыстағы аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдігіне кандидат ретінде 2 әйел адам тіркелгенін де айту керек. Жалпы, тіркелген кандидаттардың орташа жасы – 46. Ең жасы – 33-те

Қайрат НҮРКЕНОВ,
Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы

5 ҚАРАША НОЯБРА 2023 **САЙЛАУ НАУҚАНЫҢЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУДАНДАРЫ МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ

ҚЫРКҮЙЕК												
Дү	Сі	Ср	Бе	Жұ	Сн	Же						Кандидаттарды ұсыну
11	12	13	14	15	16	17						16 қыркүйек – 5 қазан сағат 18.00-ге дейін
18	19	20	21	22	23	24						Кандидаттарды тіркеу
25	26	27	28	29	30							16 қыркүйек – 10 қазан сағат 18.00-ге дейін

ҚАЗАН												
1												
2	3	4	5	6	7	8						Сайлау алдындағы үгіт
9	10	11	12	13	14	15						10 қазан сағат 18.00-ден кейін – 4 қараша сағат 00.00-ге дейін
16	17	18	19	20	21	22						2023 ж. 4 қараша Тынышттық күні
23	24	25	26	27	28	29						2023 ж. 5 қараша Дағуыс беру күні
30	31											

ҚАРАША				
1 2 3 4 5				
Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы				

• ЖОБА

Қарыз кімге берілмейді?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі құмар ойынға салынғандарға қарыз беруді қатаңдатуды ұсынды. Құжат жобасы қазір талқыланып жатыр. Ол 20 қазанға дейін ашық үкімет порталында тұрады.

Құжат несие алушының құмар ойындарын жиі ойнайтыны белгілі болса, оның борыштық жүктеме коэффициентінің ең жоғары деңгейін 0,25-пен шектеме. Негізінде Ұлттық банк барлық қарыз алушылар үшін бекіткен деңгей – 0,5.

Қарыз алушы соңғы 6 ай ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына 300 мың теңгеден асатын соманы үш рет-

тен артық төлем жасаған болса, ол құмар ойнаушы ретінде танылады. Мұндай тұлғаға кредит беруде жоғарыда аталған шектеу шарасы қолданылады.

Құжатқа сәйкес, егер қарыз алушы ойын бизнесіне белсенді қатысатын адамдар тізімінде тұрса, банк оң шешім қабылдамайды.

Өз тілшімізден

Отбасы тыныштығы – Отан тыныштығы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстың полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы, полиция подполковнигі Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева осылай дейді.

Зандағы өзгеріс тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен қазақстандық әйелдер үшін жақсы жаңалық болса, қарағандылық әйелдердің қуанышы тіпті, екі еселенді. Оның себебі – Қазақстанда алғаш рет, тек Қарағандыда ғана пилоттық режимде «Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығының» ашылуы болды. 25 қазан – Республика күніне орай есігін айқара ашқан Орталық – Тәуелсіздіктің игілігі. Оның ашылуына бірден-бір себепкер – облыстың полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры – Санжар Әділов.

Орталықты ашу идеясын ұсынған облыстың полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры – Санжар Әділов. «Облысқа осы тәрізді бір орталық керек. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегетін әйелдер мен балалар. Оларды қорғау – міндетіміз!» деп үнемі айтып жүретін. Идеяны жүзеге асырудың сәті биыл түсті. Одан бөлек, тек әйелдерден құралған «Әйелдер полиция бөлімі» құрдық. Тіпті, учаскелік полиция инспекторының өзі – әйел адам. Бұл өз кезегінде зәбір көргендердің осы жерге келіп, ойын бүкпесіз жеткізуге мүмкіндік бермек, – дейді облыстың полиция департаментінің жанындағы Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығының жетекшісі Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева.

Өткізу посты жоқ полиция бөлімшесі

Сырттан алай-дүлей күйде өрекіп келген көңілің Орталықтың табалдырығын аттағанда сабасына түсіп, алып-ұшқан жүрек орныққандай күйге түседі. Санада түбегейлі төңкеріс орнамаса да, бұйығы көңілдің бір емі табылатындай жылт еткен сәуле оянып, батылдана түссен. Атмосферасы осындай. Себебі, еңсені езіп, бір құпияны жасырғандай болатын сұр түс пен жөккору мен қатыгездікті білдіретін кара түс мүлдем жоқ. Керісінше, табиғаттың шөптің, жастық пен үміттің, денсаулықтың, ақшаның түсі ретіндегі жасыл түс пен позитивті, оптимисті, жастықты, сенімділік пен шығармашылықты білдіретін сары түске басымдық берілген. Тіпті, өмірден түңілмесен де, көңілің түсер болса, осы жердің табалдырығын аттасаң, сол да жеткілікті тәрізді. Орталықтың көздегені де – осы. Себебі, полиция бөлімшесіне кіргендегідей, өткізу пунктінде темірмен құрсауланған тордың әр жағында отырып, қабағың қарс түйген түсі суық полиция қызметкері де жоқ. Түрлі-түсті респешн ғана.

Ол жерде отырған да – әйел адам. Көргеннің үрейін алмаса да, күнделікті өмірде жоламауға, аулақ жүруге тырысатын погондағы қызметкер емес. Көгер көзге



қарапайым ғана қызметкер. Бірақ, бұл бір көргенде ғана. Орталық жетекшісі Гүлбану Ратайқызының айтуынша, респешнде отырған жай адам емес, тергеуші. Бұл да – бір өзінше амал. Яғни, өзі де, жүрегі де шайылқан әйелді қорқытып-үркітіп алмаудың тәсілі.

Орталық орналасқан үй-жайдың жалпы ауданы – 500 шаршы метр. Бұл жерде 14 қызметтік кабинет бар. Құқық қорғау және әлеуметтік-құқықтық блоктарға бөлінген. Жұмыс орындары техникамен, байланыс құралдарымен, қызметтік автокөлікпен жабдықталған. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының ведомстволық базасына қосылғанын айту керек, – дейді Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева.

Орталықтың құқық қорғау блогында «Әйелдер полиция бөлімшесі» орналасқан. Бұл жерде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының, ювеналды полицияның, көші-қон қызметінің инспекторы, учаскелік полиция инспекторы, криминалдық полицияның жедел уәкілі, есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі жедел уәкілі, тергеуші және пробация қызметінің қызметкері бар.

Ал, әлеуметтік-құқықтық блокта заңгер, психолог, медиатор, әлеуметтік қызметкер, сот орындаушысы, теолог кабинеттері бар. Тіпті, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен, балалармен және абызгерлермен жұмыс істейтін қызметкерлер, сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық және инклюзия мамандары қарастырылған.

Психологқа бару ұят па?

Әрине, ұятты жоқ. Бірақ, бізде бұл үрдіс әлі қалыптаса қоймаған, оның үстіне, жақсы маман табудың өзі бір ғанибет. Десек те, жұмыссыздық, қаржы тапшылығы, түрлі әлеуметтік мәселелер, отбасындағы түсініспеушіліктер тәрізді сан сұрақтардың шырмауынан психологтың көмегімен шығуға өбден болады. Дәл осындай маман іздесеніз, Орталыққа келіңіз. Бір қызығы – психологтың кабинетіне емін-еркін кіріп шыға беруге болады. Ол үшін ешқандай тіркеліп, болмаса алдын ала жазылудың да қажеті жоқ. Кабинет кіреберісте орналасқан. Психолог маман проблеманың түбегейлі шешім тастамаса да, тығырықтан шығар жолды көрсетіп, бағыт-бағдар сілтеп жіберсе, оның өзі көңілге медеу.

– Психологтың кабинеті кіреберісте.

Оның да өзіндік себебі бар. Біздің қоғам психологқа бару дегенді әлі қабылдай қоймаған, ұят санайды. Бірақ, айналасында ішіндегі шерін тарқатып, тыңдайтын құлақ таппай қалған кезде осы кабинетке келсе болады. «Неге келдің, кімге келдің?» деп ешкім сұрмайды. Өздері келіп, кеңестерін алып кетіп жатады. Орталық ашылғалы психологқа әйелдер ғана емес, ер адамдар да келіп жүр, – деді Гүлбану Ратайқызы.

Психологпен қатар, теолог маманның да кабинеті – кіреберісте. Деструктивті діни ағымға түсіп, адасқандар да, жалпы дін туралы білгісі келгендер де осы жерге келіп, кеңес ала алады. Өзін таныстыру міндетті емес. «Біздің мақсат – отбасы проблемасын шешу. Осы жерге күніне кемі бір әйел келіп, көңілі жадырап шық-

п алмайтынын айтады. Тек, кабинет қана тегін. Яғни, әр кеңесің табалдырығын тозырмастан, бір жерден барлық проблеманы бірден шешіп кетуге болады. Орталық ашылған айналдырған 2-3 айдың көлемінде 220 адамға заң көмегі көрсетілген.

Алимент өндіре алмай жүрген аналар да осы жерге келсе болады. Қағаздан бас алмай отырған сот орындаушылардың жұмысынан-ақ облыста ажырасқандар да, ажырасып алып, алимент төлеуден жалтарғандар да көп екенін көруге болады. Жұмыс та нәтижесіз емес. Басқасын білмедік, дәл осы жердегі сот орындаушыларының ықпалымен 96 адамның алимент бойынша мәселесі оң шешіліп, 7,3 млн. теңге өндірілген. Бұл – небары 2 айдағы көрсеткіш.

Орталықтың құқықтық блогында учаскелік полиция инспекторының кабинеті бар. Рина Шайхутдинова – облыстағы тұңғыш әрі жалғыз әйел инспектор.

Учаскелік полиция инспекторлары – ер адамдар. Отбасындағы қылмыс бойынша ең бірінші болып жұмыс жасайтын да осы учаскелік инспекторлар. Көп жағдайда шағымданып келген әйелдер тарапынан «Инспекторлар «өзің кінәлісің!» деп шығарып салады» деген шағымды жиі еститіміз. Әйелді түсінетін әйел. Сондықтан, Рина Ринақызына келіп, әйелдер өздерінің сырларын айтып та жатады, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Рина Шайхутдинова он жылдан астам



са, ол – біз үшін үлкен жетістік», – дейді Орталық жетекшісі. Орталық ашылғалы психологтан 102 адам кеңес алғанын айтады қызметкерлер.

«Әкесіндей – қамқор, анасындай – мейіран»

Жалпы, Орталық ашылғалы түрлі отбасылық келіспеушіліктер бойынша күніне кемі оннан астам адам көмекке жүгінеді екен. Қиналып келгендердің кез келгені көмексіз қалған емес. Мәселен, Орталық қызметкерлері зорлық-зомбылықтың құрбанына айналған 16 адамды дағдарыс орталықтарына орналастырған. Оның 6-уы – әйел, 10-ы – бала.

Жоғарыда Орталықта түрлі сала мамандары да қызмет істейтінін айтқан болатымыз. Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева олардың барлығы бұл жерден жалақы

учаскелік полицейлердің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі инспектор ретінде қызмет ететінін айту керек.

Тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу кезінде полицияға жәбірленушінің арызды қажет емес деген болатымыз. Рина Ринақызының да жұмысы шаш етекпен. Облыс бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты іс қозғалып, кейіннен екі тарап татуласқан болса да, бұндай отбасын көзден таса етпейді. Әкесіндей – қамқор, анасындай – мейіран орталық қызметкерлері зардап шеккен әйелге қоңырау шалып, жақсы болып кеткенге дейін өздеріне жауапкершілік алады. Тіпті, үй аралап, алдын алу шаралары да жүргізеді. Мәселен, осы мақсатта тұрғылықты жері бойынша 38 тұрмысы нашар отбасыға барған. Одан бөлек, екі жүзге тарта абызгерге қатысты

Сөз соңы

Бұл – облыс орталығындағы әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, сондай-ақ, оларға бір жерден әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетумен кешенді айналысатын «Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығының» күнделікті атқаратын жұмысының бір парасы ғана. Демалысқа қарамастан, үздіксіз жұмыс істейтін орталық қызметкерлерінің шаруасы шаш етекпен. Жаны жабырқап келген әр әйелді қабақ шытпай қарсы алып, әр отбасында мамыражай күй орнату үшін бал арасындай тыным таппайтын олар Орталықта түрлі кездесулерді де ұйымдастырады. Адамзатқа титтей де болсын пайдасы тиді-ау деген, ойда жүрген шараңыз болса, дәл осы жерге жүргеніңіз де болады. Орталық ешкімнің бетін қайтармайтыны, керісінше, қуана күп көретіні анық. Себебі, олардың көздегені – отбасының тыныштығы. Ал, Отан отбасынан басталады емес пе?!



• «ЖАЗЫЛУШЫЛАР КҮНІ»

«Қазпошта» қызметі жанданады

Пошта, қаржы және агенттік қызметін көрсетіп отырған әлеуметтік құрылым «Қазпоштың» құрылғанына 30 жыл толды. Осы аралықта сенімді оператордың тағы бір жауапты қызметі – баспасөз науқанын ұйымдастыру. Ауыл мен қала арасындағы мерзімді басылымдарды жеткізуде алтын көпір болып отырған облыстық филиалда дәстүрлі «Жазылушылар күні» өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шараға облыстық басылым басшылары, республикалық мерзімді басылымдардың меншікті тілшілері және оқырман қауым қатысты. Газет-журналға жазылушы ұйымдастырып, оқырман қатарын арттыруда атсалысып келе жатқан пошташылар еңбегі еленді. «Қазпошта» облыстық филиалының директоры Ерлан Нұрланбаев еліміздегі «Қазпошта» жұмысын жетілдіруге кеңінен тоқталды.

– «Қазпошта» АҚ еліміздің барлық аумағында жалпыға қолжетімді қызмет ұсыну арқылы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл орайда пошташының адал еңбегін ерекше атап өткен жөн. Жауапты қызметіміздің бір бөлігі – мерзімді басылымдармен тығыз байланысты. Осыны ескере отырып, 2024 жылға арналған жергілікті каталогқа 14 облыстық газет және 14 аудандық газет енгенін хабарлаймыз. Басылымдарға «Қазпоштың» кез келген бөлімшесінде жазылуға болады. Сондай-ақ, өткен жылдан бастап Post.kz сайтында онлайн жазылым ашылды. Биыл мерзімді басылымдарға жеңілдікпен жазылуға мүмкіндік бар, – деді облыстық филиалдың директоры.

Сондай-ақ, филиал басшысы «Қазпошта» АҚ-ның қызметін одан әрі жандандыру мақсатында жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыратындығын тілге тиек етті.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков «Қазпошта» қызметі көзі қарақты оқырман үшін маңызды екенін атады.

– Дегенмен, кемшіліктер де жоқ емес. Өр жылдарда қилы кезеңдерді бастан өткерген «Қазпоштың» жұмысын одан әрі ширату міндеті тұр. Баспа бетіне шыққан ақпараттардан оқырмандар дер уақытында хабардар, пошташылар мен оқырмандар арасындағы байланыс нығая түссе, бұл алдымен «Қазпоштың» абыройы. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, жанашырлықпен айтылған сыннан, орын алған олқылықтар түзеледі деген үмітіміз бар, – деді Еркін Кәрібайұлы.

Айта кеткен жөн, қазіргі таңда газетке жазылушылар пошта қызметіне көңілі толмайтын



• ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа әдіс – жаңа мүмкіндіктер

Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана науқастарды емдеуде жаңа технологияны меңгеруде. Ол үшін ресейлік мамандар арнайы келіп, шеберлік сағатын өткізді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Санкт-Петербург қаласындағы Р.Вреден атындағы травматология және ортопедия ұлттық медициналық зерттеу орталығының дәрігері Марсель Салихов

екі күндік шеберлік сағатында жаңа әдістерді көрсетті. Әдіс нық буындарының, бұғана, жауырын өсінділерін акромиоклавикулярлы артроскопиялық калпына келтіруге қатысты.

– Шеберлік сағаты бұғана шығып кеткенде оперативті ем-

деудің жаңа әдістерімен байланысты. Бұған дейін басқа әдіспен жасап жүрдік. Бұл – видеоэндо скопиялық кешен арқылы жасалатын артроскопия деп аталады, – дейді Қарағанды медицина университеті хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі Берік Тілеубаев.

Бұғана әдетте, спорттық сайыстарда, құласа, шығып кетеді. Клиникада қылына осындай 50 шақты ота жасалады.

– Емдеу ісінде 300-ге тарта әдіс бар. Біз қолдана бастаған әдіс науқас үшін барынша тиімді, жарақаты аз. Ал, жазылу мерзіміне келсек, 4 апта. Себебі, бұл – биологиялық мерзім, оны өзгерту мүмкін емес. Мұндай операцияларды жасау үшін жаңа құралдар алынды. Осы екі күнде 7-8 адамға ота жасалды, – дейді Берік Тілеубаев.

Оның айтуынша, науқастың әрі қарайғы өмір сапасы ота

кезінде қолданылатын әдіске байланысты. Бұрын консервативті әдістермен жасалатын ота науқастың қозғалуына мүмкіндік бермейтін. Қол мен саусақтардың қозғалу мүмкіндігі сынықтың қаншалықты нақты, дәл салынғанына байланысты. Егер адам қолын ауырттып алса, құласа, дәрігерге келуі тиіс. Жақында 45 жас шамасында ер адам келді. Көктемде құлаған екен, ауырғаны бысылады деп жүре берген. Олай шыдап жүре беруге болмайды. Уақытында келу керек, – дейді дәрігер.

Күннің ыстық-суығына қарамай газет-журнал тасып жүрген пошташылардың еңбегі де елеусіз қалмады. Қажырлы еңбектерімен танылған пошташылар – Гүлбаршан Баджиева, Маржан Елубаева, Татьяна Штеклова марапатталды. Сенімді оператордың жауапты қызметкерлері мерейлі мерекеде пошта жұмысын ілгерілетуге атсалысатынын айтты. Пошта қызметкерлерінің халықпен етене жақын жұмыс істегенінен мерей артапаса, кемімейтінін атап өтті. Кез келген басылымды уақытында әрбір үйге таратуға мүдделі екенін жеткізді.

Сондай-ақ, газетті күнбе-күн жеткізу, тарату мүмкіншілігі жоқ аудан бөлімшелерінің жұмысын қадағалап отыру да пошташылар үшін кезек күттірмейтін іс.

Шарада «Индустриальная Караганда» газеті бас редакторының орынбасары Станислав Песнев, 92 жылдық тарихы бар газетке сұраныстың көп екендігін, білікті журналистермен сапасы артқанын тілге тиек етті.

Күннің ыстық-суығына қарамай газет-журнал тасып жүрген пошташылардың еңбегі де елеусіз қалмады. Қажырлы еңбектерімен танылған пошташылар – Гүлбаршан Баджиева, Маржан Елубаева, Татьяна Штеклова марапатталды. Сенімді оператордың жауапты қызметкерлері мерейлі мерекеде пошта жұмысын ілгерілетуге атсалысатынын айтты. Пошта қызметкерлерінің халықпен етене жақын жұмыс істегенінен мерей артапаса, кемімейтінін атап өтті. Кез келген басылымды уақытында әрбір үйге таратуға мүдделі екенін жеткізді.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Келелі кездесу

Қылмыстық құқық және процесс кафедрасының апталығы аясында Орталық Қазақстан академиясының студенттері облыс прокурорының аға көмекшісі Бәтима Хасеновамен кездесті.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Заңға сәйкес прокуратура – мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шектерде және нысандарда қадағалауды жүзеге асыратын жоғарғы орган. Сондай-ақ, прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады, – деді Бәтима Төкенқызы.

Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Олар прокуратура органдарына қабылдау қалай жүзеге асырылатынын, іріктеуден өту кезіндегі кандидаттардың істерін және полиграфологиялық зерттеу деректерін кім және қалай жүргізетінін, сондай-ақ, емтиханға тиімді дайындалу үшін не қажет екендігін сұрап білді.

Ал, Бәтима Хасенова прокуратурадағы жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, прокурор болу үшін қандай жеке қасиеттерге ие болу керектігімен бөлісті.

Жыын соңында прокурордың көмекшісі студенттерді прокуратураға жұмысқа орналасу үшін түрлі конкурстарға қатысуға шақырды.

• БРИФИНГ

Ауа бассейні қайтсе тазарады?

Қысы-жазы көк түтінмен, жыл он екі ай заңсыз тасталған қоқыспен күресіп келе жатқан Қарағанды облысы бойынша экология департаменті алғашқы жартыжылдық қорытындысын шығарды. Департамент басшысы Дархан Исжанов бақылау және құқық қолдану қызметі бойынша ақпараттық-сараптамалық есеп және атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында айтып берді.

– Қарағанды облысы – қоршаған ортаға кері әсер ететін «Қазқым» корпорациясы, «АрселорМиттал Теміртау» өндірістік объектілері және басқа да ірі кәсіпорындар шоғырланған өнеркәсіптік өңір. 2023 жылдың алғашқы жартыжылдығында облыс бойынша шығарындылар көлемі 243,1 мың тоннаны құрады. Оның ішінде, Қарағанды қаласында – 17,2 мың тонна, Теміртауда – 112,8 мың тонна және Балқашта – 36,1 мың тонна, – деді Дархан Исжанов.

Спикердің айтуынша, Теміртаудың атмосферасын негізгі ластаушы – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ.

– Бұл ретте «АрселорМиттал» кәсіпорны 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға, яғни, 65 мың тоннаға төмендету жөніндегі меморандумда өзіне алған міндеттемелерін орындамай отыр. 2019-2023 жылдарға 23 шара белгіленсе, оның жетеуі ғана жүзеге асқан, – дейді департамент басшысы.

Кәсіпорында экологиялық проблемадан басқа, өрескел заң бұзушылық тіркелген. Мысалы, Теміртау қаласының аумағында 800 тонна көлемінде кокс-химия

өндірісінің қауіпті қалдықтарын заңсыз сақтау фактісі анықталған. Теміртау қаласының полиция басқармасымен қылмыстық істің жүргізіліп жатқанына 1 жылдан астам уақыт өтсе де, компания жауапкершіліктен толық бас тартып отыр.

Теміртаудан кейін негізгі техногендік жүктеме Қарағанды қаласына тиесілі.

Қаланың негізгі экологиялық проблемасы – пешпен жылытатын үйлерден шығатын қалдықтардың атмосфераны ластауы. Үйлердің жалпы саны 26 мыңға жетеді.

Осы мәселені шешу мақсатында әкімдік жеке секторды газдандыру бойынша жұмыс жүргізуде. Бүгінде 1 348 үй газбен жабдықтауға қосылған. Газ тарату желілері 3 961 жеке тұрғын үйге жеткізілді.

– Аталған көрсеткіштердің төмен екенін атап өту қажет, бұл қаланың ауа бассейнінің сапасына теріс әсер етеді. Келесі мәселе – «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан туындаған Балқаш қаласы ауасының ластануы. Мыс кенін балқыту кезінде шаң тазалау жаб-



дықтары мен сору аспирациялық жүйелерінің тозуы салдарынан қоршаған ортаға газ бен түтін тарап, ауаны ластайды. Осыған байланысты мыс балқыту цехтарындағы қолданыстағы түтін газын ұстау және тазарту жүйелерін толығымен жаңғырту және ауыстыру қажет, – дегенді атап өтті спикер.

Ірі кәсіпорындардың шығарындыларын азайту және ірі қалалардың атмосферасын жақсарту мақсатында Үкімет Қаулысымен «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жоспары бекітілді. Осыған сай «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 2025 жылға қарай ауаға зиянды шығарындыларды 149 мың тоннаға, «Қарағанды Энергоцентр»

ЖШС 35 мың тоннаға, Балқаш мыс балқыту зауыты бойынша 31 мың тоннаға дейін төмендету қажет.

Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеудің негізгі проблемасы – ауылдық жердегі қатты тұрмыстық қалдықтардың заңдандырылмаған полигондарының ар-

416-сы тазартылды.

Сонымен қатар, басты мәселелердің бірі – ластанған суды тазарту қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жағдайы.

Облыс әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Ақтоғай ауылында, Қарағайлы кентінде, Ақсу-Аюлы ауылында және Новолюблинский кентінде көріз желілерін және тазарту құрылыстарын салу жоспарланған.

Айта кету керек, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті «Олжас» ЖШС-не жоспардан тыс тексеру жүргізді. Нәтижесінде, тазарту жабдығының тиісті деңгейде жұмыс істемеуі анықталды. Сондай-ақ, экология департаменті Қарағанды целлюлоза-қағаз комбинатына да барып қайтты. Кәсіпорында заңсыз гидротехникалық құрылыс салынғаны белгілі болды. Сот шешімімен екі кәсіпорынның қызметі тоқтатылды.

– Экологиялық мәдениетті насихаттау мақсатында департамент түрлі акцияларды белсенді түрде өткізеді. 3 маусымда экология департаментінің қолдауымен «Таза жағалаулар» экоакциясы өтті. Оған облыстық мемлекеттік органдары мен кәсіпорындары қатысты. 90-ға жуық адам жұмылған акцияда 45 текше метр қоқыс жиналып, тиісті жерге шығарылды, – деді Дархан Ерғалиұлы.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• ФЕСТИВАЛЬ

Тарихыңды танығың келсе, Талдыға бар

Сенбі күні Шет ауданындағы тарихи терең Талдыда «Талды – өркеніеттер тоғысында» атты халықаралық археологиялық-этнографиялық фестиваль өтті. Алғаш осы төңірекке қазба жұмыстары жүргізіліп, түрлі жәдігер табыла бастағанда бір топ тарихшы осында тарихи-археологиялық парк құруды ойластырған еді. Сол аспан астындағы мұражайда өткен кешегі басқосуға алыс-жақыннан меймандар келді. Әуелі шетелден келген ғалымдардың қатысуымен өткен конференцияда осы аумақта жүргізілген зерттеу жұмыстары һәм алдағы жоба-жоспар талқыланды. Онымен қоса, қола балқыту, қыш құмыра жасау, ұлттық киім түрлерін тігу және ұмыт бола бастаған қазақ тағамдарын әзірлеу секілді этно жұмыстарға елдің ықыласы ерек болды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Талды паркі турист тартады

Конференцияның шымылдығын Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов ашып берді. Ол өзінің құттықтау сөзінде мұндағы жұмыстарға үш жыл бойы жергілікті бюджеттен қаражат бөлінгенін, сол арқылы ішкі туризм ағымын арттыруды мақсат етіп отырғандарын атап өтті.



Тас ошак, қыш құмыралар

Алматыдан келген «Бегазы-Тасмола» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Арман Бейсенов ерте темір дәуірінің Қызылжартақ қорымынан табылған жәдігерлерге жасалған ғылыми талдаудың нақты нәтижелері негізінде баяндама оқыды.

Қызылжартаста 2500 жыл бұрын салынған қорымдардың алғашқысы 2020 жылы зерттелген. Бұл жерден 4 бірдей тас мүсінің табылуы балбал тастардың түркі заманында емес, одан әрі сақтар кезінде болғанын айдай әлемге паш етті. Одан бөлек түрлі алтын әшекейлер, қару-жарақ, құрбандыққа шалынған мал сүйектері табылды. Маңайындағы қорымдардың ертеректе көп тоналып, сәулеті бұзылған, – деген өкінішін білдірді баяндамасында.

Сөзіміздің басында шетелден келген ғалымдардың да фестиваль басынан табылғанын айта өттік. Конференция кезінде сөз алған Анкара университетінің ғалымы Серхан Чинар, Манас университетінің ғалымы Негізбек Шабданалиев, Ташкенттен келген тарих ғылымдарының кандидаттары Саида Ильясова мен Рахмани Муродалиев Талдыдағы түрлі тарихи кезеңнен сипат беретін дала мұражайына таңданыстарын жеткізді.

Орталық Қазақстан археологиясын терең зерттеген Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Кемал Ақышев сынды ұлы археологтарға бас иіп қою керек. Солардың еңбегінің арқасында, солар салып беріп кеткен жолдың нәтижесінде міне, Арқа жерінің тарихи кезеңдерге бай екені анықталып отыр. Қазақстан, оның ішінде Орталық Қазақстанның тарихи дәуіріне біздің Түркия елінің қызығушылығы жоғары. Осындағы археологтармен әріптестікті әлі де әрмен қарай нығайтамыз деген сенімдіміз, – дейді түрік ғалымы Серхан Чинар.

Сонымен қатар, конференцияда Астана университетінің PhD докторы Айбар

Қасенәлі Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері кезеңдеріндегі ескерткіштердің зерттелуіне тоқталса, тарихшы Ерлан Амиров Аккезең алқабының киелі кеңістігі жөнінде кеңінен әңгімеледі.

Ал осы алқаптың қазба жұмыстарына жетекшілік етіп, 200-ге жуық жәдігердің жаңғыруына елеулі еңбек сіңірген Игорь Кукушкин археологиялық қазба жұмыстарына қысқаша тоқталып өтті. Алда осы аумақты әлі де зерттей түсіп, тарихи алқаптың ауқымын арттыру жөніндегі жоспарын да айта кетті.

Киіз үйде өткен келелі конференцияда талқыланған тағы бір мәселе – Талды тарихи-археологиялық паркін әрмен қарай жаңғырту. Осы тақырып төңірегінде алыс-жақыннан жиылған ғалымдар, сарапшылар пікір алмастырды. Ортақ мүдде үшін ой біріктіріп, жұмыс істеуге уағдаласты.

Ел ықыласы ауған этноауыл

Конференциядан соң, жиылған жұрт дала сахнасына қарай беттеді. Мұнда театрландырылған қойылым өтіп, әрмен қарай концерттік бағдарлама жалғасын тапты.

Қайта жаңғыртылған металлургиялық пешке қола балқыту жұмысын тамашалаған көпшілік өз қолымен пышақ пен жебе ұшын құйды. Ұлытау облысынан келген Жезді музейінің қызметкері Айдар Шарханұлы металлургияның ата-бабадан қалған мұра екенін жеткізіп, мән-маңызына тоқталды. Мұнымен қоса, атқа жегілген арбалардың да сұлбасы жасалып, көрермен назарына ұсынылды.

Аспан астындағы мұражайдан осы төңірекке табылған құнды жәдігерлерді көзбен көрді. Аумағы екі ауылды алып жатқан Талды паркінен табылған ең құнды жәдігердің бірі – сақ қазаны. Облыстық тарихи өлкетану музейінің басшысы Ержан Нұрланұлы жәдігер жайлы



Аккезең қалашығы

әңгімесін былай өрбітеді.

– Біршама жұмыс атқарылды. Қазба жұмыстарынан соң, қазылған жерлерді қалпына келтірдік. Жер астынан 200-ден аса жәдігер шықты. Міне, осындағы жұрттың көзіне ең көп түскені – сақ қазаны. Былтыр табылды. Мұндай сақ дәуіріне тән қазанның Орталық Қазақстаннан табылуы алғаш рет, – дейді мұражай басшысы.

Ұмыт болған қазақ тағамдарының көрмесі де – осында. Фестиваль меймандары Астанадан арнайы келген этнограф-ғалым, қазақ ұлттық тағамдарының зерттеушісі Айгерім Мусағажинованың дастарханын қызықтады. Зерттеуші Айгерім Александрқызы төңкерме атты дәстүрлі тағам түрін әзірлеп көрсетті.

Қуырылған бидайды диірменге тартып, босанатын әйелдерге арнайы әзірлейтін тағам түрі. Дәстүр бойынша енесі келінді босандыру үшін әйелдерді көмекке шақырған. Келгендер бірлесіп, осы тағамды әзірлеген. Бұл олардың қолдауы, қамқорлығын білдіреді. Төңкермені босанған әйелдің күшін қалпына келтіру үшін бірден осы тағаммен қоректендірген. Халық ішінде төңкермені доғалатпа деп те атайды, – дейді Айгерім Александрқызы.

Қарағандылық оқушылар Шахтинск қаласының колонер шебері Еркін Манарбекұлынан қыш құмыра жасау бойынша шеберлік сабағынан өтті. Солардың қатарында Құлайғыр ауылындағы мектептің 9 сынып оқушысы Даяна Жанабекова да бар.

– Осы бір іс-шараға ауылдан мұғаліміміз алып келді. Маған қатты ұнағаны – қыш құмыра жасағанымыз. Аса қиын емес екен. Еркін Манарбекұлы барлығын түсіндіріп, көрсетіп берді. Шағын құмыра жасап шықтым. Өзіме естелікке алатын болдым, – дейді Даяна Жанабекова. Бұдан

басқа, киізге сурет салу бойынша да шеберлік сабағы өтті.

Фестиваль қонақтары «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің, «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің және Алматыдан арнайы келген «Арқайым» этнографиялық-фольклорлық тобының өнерін тік тұрып тамашалады.

Бабадан қалған ұлттық киімді ұлықтап жүрген «Ұлжан» және «Мақпал» сән үйлерінің дизайнерлік көрсетіліміне көпшілік қол соқты.

Мәдени шара түйінделер тұста көрермен қауым фестивалдің ауто аймағынан графикалық көріністі тамашалады. Фестивальге қатысушылар Талды тарихи паркіндегі ескерткіштерге экскурсия жасады. Сондай-ақ, қонақтар садақ атып, алтыбакан теуіп, атқа мініп, құс ұшырды. Осындай көрініс фестивалдің мән-маңызын аша түскендей.

– Мақсатымыз – тарихи парктің жұмысын әрмен қарай жандандыру. Біз осы тарихи дүниелеріміз арқылы туристер тартуды жоспарлап отырмыз. Музей қызметкерлерімен ақылдасып, экскурсиялық маршруттар ұйымдастыруды жолға қоймақпыз. Бүгінгі маңызды шара – соның бастауы, – дейді облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмақенов.

Талды тарихи аумағының бүгінгі белесі – осы. Әлі де тиісті зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бермек. Олай болса, алдағы уақытта да адамзат баласын таң қалдыра түспек. Фестивальден түйіп қайтқан ойымыз бұл.

Шет ауданы

Суреттерді түсірген автор



Металлургиялық пеш



Киізге сурет салуда



Ұлттық тағам зерттеушісі Айгерім Александрқызы



Тұрақтылық – даму кепілі

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Рухани келісім күніне орай студенттермен кездесу өтті. Облыстың дін істері жөніндегі басқарма ұйымдастырған шара жастардың діни сауаттылығын арттыруға бағытталған.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Студенттер абайламай жүріп, дәстүрлі емес діннің түрлі айла-амалдарына бой алдырып қоятыны жасырын емес. Ал, цифрлық технология заманында интернетте, әлеуметтік желіде шындық пен өтіріктің аражігін ажырату қиын. Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысындағы филиалының директоры Серікжан Байбосынов сыни тұрғыдан ойлауды үйрену және жалған ақпаратты қалай ажыратуға болатынын айтып, тарқатып берді.

– Соңғы уақытта қоғамда түрлі, түсініксіз мәселелер туындап жатыр. Ғаламторда жалған ақпарат көп. Жастар сенеді, анығын білмейді. Біз үшін жастардың өтірік ақпаратқа сенбеуі, соны сараптай білуі аса маңызды, – дейді Серікжан Байбосынов.

Мамандар сенімді және ресми ақпаратқа сену керектігін алға тартып отыр. Ал, қоғамда резонанс тудыратын жаңалықтардың байыбына бару қашанда өзекті. Дін істері жөніндегі басқарманың басшысы Жанболат Сектайдың айтуынша, жастармен мұндай кездесулердің маңызы зор және оларға жалған діни ағымдарға бой алдырмауды түсіндіру – басты мақсат.

– Кездесу Рухани келісім күніне арналды. Басқарманың басты міндеттерінің бірі – конфессияаралық келісімді және мемлекетіміздің зайырлылық қағидаттарын нығайту. Жастарымыз радикалды идеологияға қатысты жан-жақты білімді болуы шарт. Спикерлерді арнайы шақырдық. Осы арқылы жастармен осындай жүрген сұрақтарға жауап тауып бергіміз келді, – деді дін істері жөніндегі басқарма басшысы Жанболат Сектай.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті оқытушыларының айтуынша, студенттерге барлық дінге құрметпен қару керектігі үнемі насихатталады. Елімізде ұлтаралық достық қашанда маңызды.

Кездесуде отансүйгіштікке баулу тақырыбы да кеңінен қозғалды. Спикерлер 150 студентке тәрбиелік мәні бар дәріс оқыды.

– Біз бұл кездесуден көп ой түйдік. Дін деген өте нәзік әлем екен. Оны ғаламтордан тындап, қорытынды шығару қате екен. Патриотизм мен салт-дәстүрді сақтап, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетіп, бабалардың жолымен жүру дұрыс деген тоқтамға келдім. Алдымен, ұлттық құндылықтарды бойға сіңіріп, ұят, обал, сауап дейтін адамгершілік қағидаттарын меңгермей, дін шырғауына түскен жастарға тура жол көрсетуге осындай шаралар таптырмас мүмкіндік. Жиірек өткізілсе құба-құп болар еді, – дейді студенттер.

Дүниеде түрлі дүрбелен орын алып жатқан шақта етек-жеңімзді жиып, ішкі тәртіпке баса назар аудару аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстарға тұтас қоғам болып атсалысып, жастарымызға тура жол көрсетсек, ертең өкінісбіз анық. Сондықтан, елдің ертеңіне бейжай қарамай, әрекетті бүгіннен бастайық.

Аза бойым қаза болды



«Хабар-24» телеарнасының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі Ардақ Қабыханов досымнан айырылып, аза бойым қаза болды бүгін. Өмірден ерте озған әкесінің суретін жиі салып отырушы еді осы әлеуметтік желіге. Сол Асқар тауының жасаған ғұмырына екі жыл жетпей 45 жасында фәниден бақиға аттанып бара жатыр. «Жалғыз сен ғана әкесіз қалып па едің? Біз де жүрміз ғой міне», деп айтпағаныма енді өкініп отырмын. Жазда еңбек демалысымды алып ел жақта жүрсем телефон соғып тұр:
– Әй, Бағдат, қайдасың?
– Ақтоғайдамын.
– Әй, мен Алматыдамын ғой.

– Ее, дұрыс болыпты. Бір жола қайтар кезінде хабарласпадың ба? – деймін мен де әдеттегідей қалжындап. Өзіне қатты жарасатын кеңкілдеген күлкісінен кейін:
– Досым-ау, ештеңе етпейді. Қызым, ҚазМУ-дің журналистикасын бітіріп диплом алған, соған келдім. Ұлым да жоғары оқу орнын аяқтады. Амандық болса, осы дипломдар бар сосын Тоты екеуіміздің қосылғанымызға биыл 25 жыл. Барлығын қосып шілденің аяғында той жасаймын, соған келерсің, – деді. Дәм жазып тойына ортақтасып та қайттым. Келгеніме балаша қуанып, ерекше ілтипатын білдіріп еді сол кезде.

Ардақ екеуіміз ертеден араластық. Облыстық телеарнада бірге қызмет атқардық. Таңды таңға ұрып шаңырағында талай болдық. Бүгінге дейін жұбымыз жазылған жоқ. Өн салғанымды, жазған өлеңдерімді басқасын қайда, осы досым алабетен бағалайтын. Сосын, сағынса болды түн демейді, таң демейді, хабарласа беретін. Бертінде дейін солай болды. Осы жайсаң жігіттің көңілін қалдырмас үшін, таңғы 3-4-те төтті ұйқымыды қиып, ас бөлменің есігін жауып алып немесе балконға шығып қолды сермеп өлең оқимын, жынды адам құсап. Қызды-қыздымен: «Домбыраң қасыңда ма? «Көзкөргенді» айтып берші», – дейді әй-шәй жоқ.

– Әй, қой, отырайын енді жеті қараңғы түнде азынап, – деп тарс ете қалам. Ол күледі ішек-сілесі қатып. Анасынан арда туған абзал досым-ай, сенен қапыда осылай көз жазып қалам деп кім ойлаған? Соңында аңырап қалған Анаға, жарың Тотыға, бала-шағана, туған-туыстарына Жаратқан ием сабыр берсін! Көрмеген көшеннен жарылқасын! Алла сені панасына алсын, Ардош. Бақұл бол, досым!

Ардағым-ай, Жете алмай-ақ кеттің-ау, арманына-ай. Жан-тәнімен тілеулес болып жүрген, Енді маған бұндай дос, бар ма, Құдай? Ардошым-ау, деуші едім, Ардошым-ай, Сенсіз мына дүние қалды осылай. Жаны таза, Жүрегі ақ, Жүзі жылы, Жөнің бөлек еді ғой, жан досым-ай!

Жүретін шағымызда дүркіреп құр, Аспаным қоя берді-ау күркіреп бір. Ақсоранның басынан ауған бұлт, Соқырдың бойына кеп сіркіреп тұр.

Артыңдағы ұрпағың көктесе екен, Бұдан кейін Тоты жас төкпесе екен. Қарқаралы барлығың көтереді, Қайран шешсең, езіліп кетпесе екен.

Білесің жалғызсырап, жабығамын, Мендегі сырдың саған бәрі мәлім. Кеңкілдеп күлгеніңді, қайран досым, Еңкілдеп, енді жылап сағынамын...

Бағдат МҮБӘРАК

Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВ



Саналы ғұмырын журналистика жолына арнаған ардақты бауырымыз Ардақ Асылханұлы Қабыханов мезгілсіз дүниеден өтті. Ұзақ жыл «Хабар» телеарнасының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі қызметін абыроймен атқарды. Телеэкран арқылы Арқа елінің мұн-мұқтажын жеткізді. Жаксылықтың да жаршысы бола білді.

Ардақ бауырымыз 1978 жылы 6 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеге келді. Ата-бабасы Ақтоғайдың Қызыларай ауылынан. Арғы атасы – Сүттібай би. Ардақ үйінің екіншісі. Әпкесі мен соңынан ерген екі қарындасы бар. Ардақ ұлымыз бауырларына қамқор бола білді.

1995 жылы Қарқаралы ауданы, Бақты ауылындағы мектепті бітіріп, 1995-1999 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасына түседі. Еңбек жолын «Қарқаралы» аудандық газетінде бастаған. Арқа журналистикасының ардагері, мықты қаламгер Максым Омарбекұлының шәкірті.

Кейін облыстық «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында, республикалық «Астана» телеарнасында жемісті қызмет етті. Ал соңғы 15 жылда (өмірінің соңғы күніне дейін) «Хабар» агенттігінің Қарағанды облысындағы қосынына жетекшілік етті.

«Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. 1998 жылы жары Ақтотымен отбасын құрады. Соңында аяулы жары, ардақты анасы мен үш баласы қалды. Екі ұл, бір қыз. Үлкені – 24 жаста, кішісі – 13-те.

Тағдырдың жазғанына шарамыз жоқ. Тіршілігінде абзал азамат, қамқор әке, сыйлы бауыр бола білген Ардағымды жүрегімізге арулап қойдық. Әкесінен 20 жасында айырылған Ардақ та қыршын кете барды. Бұл қаза тек, ағайын-туысқа оңай тиген жоқ. Қарағанды журналистикасы мықты медиамаманынан айырылды. Ардақ бауырымыз шәкірт те тәрбиеледі. Телевидение саласындағы ізбасар бауырларына да барынша қамқор болып, қолдау көрсетті. Сол әріптестері есімін ұмытпай, ұлықтайды деген сенім білдіреміз.

Соңында қалған анасына, жарына, балаларына Алла сабыр, күш-қуат берсін.

Туған-туыстары

№572

Бақұл бол, қимас бауырым!

Ажалдың арызы, тойымсыз екеніне тағы көзім жетті. Күнде көрмесем де, сағынып жүретін, кездесек құшағымызды жаятын, сырмызды ақтаратын аяулы досымнан көз жазып қалдым. Анасы ұлынан, жұбайы ерінен, балалары әкесінен, туғандары бауырынан айырылып, қайғының кара бұлты торлаған күнде көз жасын төкті.

Бір кездегі Қарқаралының кара баласы Қазақ Елінің қарапайым жұртының жоғын жоқтайтын, мұң-зарына құлақ түретін,

запыранын билікке естіретін ел сүйетін азаматқа айналған еді. 15 жыл бойы «Хабардың» меншікті тілшісінің қызметін жып-жылы бөлмеде отырмай, алыс-алыс ауылдарға барып, қаймана қазағанның хал-ахуалын таспаға түсірдің. Сенің әңгірден айтқан сөзіңе ел-жұртың да, астанадағы шіренген шен-шекпенділер де сеніп тыңдайтын. Арқасына аяздай батқан мың-миллион мәселелерінің бір шешімін табатынына үміттенетін. Өйткені, журна-

листік миссияңды адал, таза, ерекше махаббатпен атқардың.

Аяулы досым, сенің кенеттен келген қазаң хас қаһарманның өліміндей неткен ауыр еді. Өзің өсіп-жетілген, томағанды сыпырған Қарағандыңның да аспаны ерекше түнеріп, мәңгілік сапарға жиылған жұртыңның қабырғасы қайысып, есеңгіреп қалды. Бүгін Қабыхановтар әулеті ғана емес, Қарағандың мен Қарқаралың тұтас аза тұтып, аңырап тұр. Ажалдың бұлай келетінін кім білген? Амалымыз не, аяулы Ардағым! Иmanın серігін болғай! Жаның жұмақтың төрінде шалқысын! Қош бол, аяулы дос! Сенің қысқа жіптей тез үзілген қас-қағым ғұмырыңды артыңда қалған жан жарын, балаларың жалғайды. Бақұл бол, қимас бауырым!

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Қайран, Ардақ ағам-ай...

Асыл ағам, арда ағам, Ардақ ағам-ай... Қамқор да тілеулес жайдары қалпымен күлімдеп тұратын. Жымынып қана құшағына алып амандығымды сұрайтын. Ауылдасым деп, жан бауырым деп қайда жүрсе мақтанып, мақтап отыратын.

Ешкімге титтей қиянаты жоқ, өз ісін үндемей ғана тындырып елге қызмет етіп жүретін. Ешкіммен жаға жыртасып, айғай-шуға, дау-дамайға, лас тірлікке араласқан емес. Жастайымыздан Ардақ ағамның серілігіне, сырбаздығына, сабырлы қалпына еліктеп өсіп едік...

Сұм ажал ортамыздан осылай тез суырып әкетеді деп кім ойлаған...

Төбемнен жай түскендей есеңгіреп, егіліп, ішім ұдай ашып отыр.

Қолымнан не келеді? Өмір неге осылай тым қатал еді деп, Ажал неге аяуды білмейтін, мынау жақсы адам адамзатқа әлі де керек-ау деп ойланбайтын не деген тасжүрек деп.


Бала-шағасының, еңбегінің қызығын енді көретін шағында Ардақ ағам көз жұмыпты.

Сенбеймін десем алдымнан қаралы суреттері шығуда.

Сенейін десем алдымнан Мирасжан деп шыға келетіндей...

Қайран ағам-ай... Бақұл болыңыз...

Көңілі аспақ көк аршын, Сен бар кезде жайлау еді жағам шын.



Тіліп ұшты жүрегімді қак айырып, Іліп ұшты қанатына ажал-сұм!

Таң қаламын сұм ажалдың оғына, Екі көзі жоғына. Көңіл айтам Сарыарқама, егілген, Қаламдасқа, «Хабар» микрофонына.

Қош бол аға, сендей аға жоқ енді, Жеткізуші ең көкке мақтап төбемді.

Сені жоқтап хабарлаған дауыстар, Отқа апарып лақтырғандай денемді.

Асып қандай уәж айтам тағдырдан, Бес күн жалған дегеніңіз – жол бұлған. Елге барсам кең құшағын кере ашып, «Мирасжан!» деп шықпайды енді ол алдымнан...

Қош аға! Мирас АСАН

Облыстық ішкі саясат басқармасы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, тележурналист **Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері Фарида Әзімбековаға сүйікті ұлы, «Хабар-24» телеарнасының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі **Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, шын ниеттен көңіл айтады.

Облыстық SARYARQA телеарнасының ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, тележурналист **Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, тележурналист **Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі, тележурналист **Ардақ Асылханұлы ҚАБЫХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі ұжымы бірлестіктің бас инженері **Фарид Ғалиұлы КЕНЖЕБАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының, отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. №573

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ФЕСТИВАЛЬ

Әуенмен әлдилеген бес күн

Қарағандыда XXIII халықаралық «Әуенді Сарыарқа» фестивалі 10 қазанда жалауын көтеріп, 15 қазанға дейін жалғасты. Арқа төріне Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Ресейден, Германиядан және өзге де елдерден даңқты дирижерлер мен вокалистер келді. 4 күн бойы қарағандылықтар түрлі жанрдағы әнмен сусындады. Сонымен қатар, бұл фестиваль Тәттімбет атындағы академиялық қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің 35 жылдық мерейтойына орайластырылып отыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль кеншілер шаһарындағы «Жұлдыздар аллеясында» басталды. Шетелден келген құрметті меймандар мен зиялы қауым өкілдері аллеяға арнайы барды.

«Шалқым» концерт залында Қырғыз халық аспаптары оркестрі өнер көрсетті. Дирижері – Қырғызстанның халық әртісі Бакытбек Тілегенов. Солистері – халықаралық байқаулардың лауреаттары Айданек Эмильбекқызы, Ырыскелді Анаркулы мен Рахматәлі Сапарәліұлы. Айыр калпақты ағайындар өз халқының асыл мұрасын Арқа жұртына паш етті.

Кеншілер мәдениет сарайында Ресейдің Калининград қаласынан келген солист, джаз байқауларының лауреаты Вероника Покровская ән шырқады. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко дирижер болды.

«Шалқымның» төрінде Еркеғали Рахмадиев атындағы академиялық симфония оркестрі ұлттық музыканы шарықтатты. Сол күні сахнада Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жәния Оубәкірова мен Германиядан келген мейман, Литва ұлттық сыйлығының

лауреаты Давид Герингас жарқырады. Дирижерлікте – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Петр Грибанов.

Соңғы күні көрермен Тәттімбет атындағы ұлттық аспаптар оркестрінің өнерін тамашалады. Ташкенттен келген халықаралық байқаулардың лауреаты Сардор Примов мен астаналық Салтанат Байжұманова ән шырқады.

«Той өтер, меймандар тарқар, бірақ, жыртығымыз жамалмас». Тәттімбет атындағы академиялық қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің бас дирижері Ерлан Бақтыгерей мерейтой аясында өнерпаздардың мәселесіне назар аударылса деген тілегін жеткізді.



– Біздегі ең басты мәселенің бірі – жалақы. Өнерпаздардың жалақысы өте төмен. Өздерінің қажыр-қайратын, дарынын ұлттық өнердің дамуына бағыштап жүрген ұл-қыздардың еңбекқандығы өссе деген тілек бар. Мәдениетті дамымаған елдің болашағы бұлыңғыр. Ұлтымыздың ұлық музыкасын жандандырып азаматтарға жағдай жасау қажет, – деді Ерлан мырза.

Мұндай дүбірлі тойдың базары барда шарапаты да болуы қажет. Осы мәселе – көптің көкейінде.

• МҮШӘЙРА

Жүйріктер мәреде

Қарағанды облысы әкімдігі және облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен ақын Қасым Аманжолов атындағы «Дүниеге келер әлі талай Қасым» республикалық мүшәйрасы өтті. Жыр бәйгесінде облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшісі Ерік Нарын оза шауып, I орынға тігілген 300 мыңды қанжығалады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйраға 20-35 жас аралығындағы ақындар қатысты. Сайысқа Қасым Аманжолова арнау және еркін тақырыпта 3 өлең ұсыну міндетті болған. Қазылар алқасы сайыста үздік атанғандардың жырларын тақырыбына және байқау мақсатының сәйкестігіне қарай бағалады. Сондай-ақ, шығарманың идеялық мазмұнына, көркемдік сапасына, авторлардың сөз саптау мәнері мен стильдік ерекшелігіне назар аударды.

Сонымен, сайыста қара үзіп, бас жүлде – 500 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие

тәлім-тәрбие алды. Содан ұйқас қуып, сөз саптауды үйрене бастадық. Дәл бүгінгі сайыста бас жүлде бұйырады деп ойламап едім. Қасым Аманжолов мүшәйрасында бас жүлде алғанымды өзім мақтан тұтамын. Жалпы, Қасым жырларынан біздің алар тағылым көп, – деді Жоламан Әйткен.

II орын Балқаш қаласынан келген Айдын Байыс пен Сәтбаев қаласының ақыны Мақпал Сабырға бұйырды. Жүлде қоры – 200 мың теңге. Ал, үздік үштіктің 150 мың теңгесін қостанайлық ақын



болған ақын – Жоламан Әйткен. – Ауылдан шыққан соң ба, әйтеуір, ұяңдық пен ұстамдылық жанымға әрқашан серік еді. Қалаға келіп, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің түлегі болдым. Онда Қойлыбай Асанов, Жандос Смағұлов сынды аға буын өкілдерінен

Бақытжан Әлкебаев пен Балғын Апбасхан алды. Сонымен қатар, 75 мың теңгеден ұсынылған ынталандыру сыйлығына Шет ауданы Ақой ауылының ақыны Абай Кәлім, қарағандылық Камшат Хасен және Сәтбаевтан келген Мәди Олжабай иеленді.

• БАЙҚАУ

Әлихан бейнесін жырға қосты

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан мұрасына арналған облыстық «АлашTime» форум-байқауы өтті.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форум-байқау кітапхананың бірінші қабатында орналасқан «Әлихан Бөкейхан – дәуір тұлғасы» атты диалог-көрмесімен ашылды. Ашылу салтанатында тарихшы ғалым, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсәхан Бейсенбекова, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Тілеуғалы Әмірғайылы құттықтау сөз сөйлеп, форум-байқаудың жұмысына сәттілік тіледі. Абай атындағы мектеп-гимназияның оқушылары Ә.Лизаш, О.Ерхан, А.Рахметолла, А.Ахметов Алаш қайраткерлерінің Әлиханға арнаған өлеңдерін жатқа айтты, оқырман қауымын жырмен сусындатты.

Шара «Әлихан хәм қазақ елі» тақырыбында ашық алаңмен жалғасты. Ашық алаңға «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары, ақын-жазушылар, өлкетанушылар, тарих пәнінің мұғалімдері, кітапханашылар, студенттер қатысты.

Содан кейін «АлашTime» форум-байқауының ақтық сынға өткен үміткерлері қазылар алқасының алдында өз өлеңдерін оқып, бақтарын сынады. Негізі бірінші кезеңінде Қарағанды, Теміртау, Семей қалаларынан, Шет, Абай, Нұра, Ақтоғай, Қарқаралы аудандарынан 18 бен 35 жас аралығындағы жастар Әлихан Бөкейхан тұлғасын ашуға арналған және еркін тақырыптағы барлығы 2 өлең жазып, сынаға түсті.

Сайысқа 18 үміткер қатысты. Бас жүлде Абзал Мақашқа берілді. I орын Кәмшат Хасен, II орын Мағжан Асқарға, III орын Ербулан Мақатай және Таңсәуле Өгенқызына бұйырды. Ал, арнайы дипломдармен Кәміл Абайбол, Берікбол Амангелдинов марапатталды. Кеш соңы концерттік бағдарламаға жалғасып, жүлделі орын алған жеңімпаздар өлеңдерін оқыды.

• ГРЭППЛИНГ

Алдына қара салмады

Қарағандылық Асанәлі Абаев грек жерінде өткен грэпплинг және грэпплинг-ги спортынан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында алтын медальға ие болды. Ол екі бөлімде үздік шықты. Халықаралық біріншілікке 20 елден 14-15 жастағы 400-ден астам спортшы қатысты.

Ұлттық құрамаға ел кубогында үздік нәтиже көрсеткендер кірген. Арасында Асанәлі Абаев та бар.

– Асанәлі қарсыластарын мерзімінен бұрын жеңіп, екі сайыста да финалға шықты. Ақтық сында лайықты өнер көрсетіп, екі бөлімде жеңіске жетті. Асанәліні шамамен бес жылдан бері жаттықтырамын, оның болашағы зор. Мінезі – қайсар, – деді Satti Lux Stroy академиясының грэпплинг және джиу-джитсу бойынша бас жаттықтырушысы Айбар Оразалы.

Бес жасынан бастап, спортпен айналысатын Асанәлі қазір 13-те. Грэпплинг пен джиу-джитсудан жеті дүркін Әлем чемпионы. Алда Абу-Дабиде өтетін бразилиялық джиу-джитсудан Әлем чемпионатына қатысатын 50 қарағандылықтың ішінде Асанәлі де бар.



• ШАХМАТ

Чемпионат жалауы желбіреді

Қарағандыдағы Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайында жылдам шахматтан – рапид пен блиц бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты басталды. Жырма жылға жуық уақыттан бері өткізіліп келе жатқан чемпионат Сәкен Сейфуллинді еске алуға арналып отыр.

Алдымен, еліміздің облыстары арасындағы командалық біріншілікте мықтылар анықталады. Содан кейін жеке жарыс басталмақ. Чемпионатта жыл сайын елдегі барлық үздік шахматшының басы қосылады. Жарыс форматы ескеріліп, қызу бәсеке өтеді.

Қазір қызу бәсеке жүріп жатыр. Шахмат спорты ойға көп салмақ салатын ойын болғандықтан, сырт көзге қиын болып көрінеді. Ал, шын шеберге қашанда кедергі жоқ. Ауқымды біріншілік 20 қазанда мәресіне жетеді. Сол күні қорытынды шығарылып, жеңімпаздар марапатталмақ.

• АСЫҒАТУ

Асығы алшысынан түсті

Қарағандыда қала аумағындағы аула клубтары арасында асық атудан сайыс өткізілді. Аула клубтарының ымыра-бірлігін арттыруды көздеген сайыста қатысушылар шеберліктерін көрсетіп бақты.

Алдымен, жалпы қатысушылар арасында іріктеу өткізілді. Солардың ішінен үздік өнер көрсеткендер келесі кезеңге жіберілді. Клуб мүшелерінің асықты шырып атуынан-ақ, мығым дайындалып келгені көзге ұрып тұрды.

Тартысты сайыс қорытындысында, асығы алшысынан түскен «Арман» аула клубы I орынға ие болды. «Ринг» аула клубы II орынға, «Дарын» аула клубы III орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға кубок, медаль және Алғыс хат табысталды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

